


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің
А бөлімінің B1 және B2 сабақтары



bes
bible educational services
www.besweb.com

Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбританияда, шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірде қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты еңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары
А БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елш.іст. 2:42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар. Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

В1 1-әңгіме**Ғибадатханада алғыс айту / Мәриям мен Жүсіп ғибадатханада**

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Біреуден сыйлық алған кезде алғыс айтқанымыз жөн. • Мәсіхшілер Құдайға Исаны Құтқарушы ретінде осы әлемге жібергені үшін алғыс айтады. <p>Негізгі аят: Лұқа 2:30 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 2:22-38</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Сыйлық алудың әсері жөнінде әңгімелесіңіз. Бір немесе бірнеше кішкентай сыйлықты әдемі қағазға орап, балаларға беру арқылы алғыс білдіруді дағдыландырыңыз. Балаларды қандай сыйлық қуантатынын сұраңыз. Үлкен немесе кішкентай болсын, қандай сыйлық алса да, рақмет айтудың маңыздылығын айтыңыз. «Алғыс айту» сөзі басқа адамдарға қалай әсер етеді? Бүгінгі әңгімеде біз Құдайдың Исаны сый ретінде бергеніне алғыс айтуға ғибадатханаға барған Мәриям және Жүсіппен танысамыз.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Бүгін - Мәриям мен Жүсіп үшін ерекше күн. Құдайға алғыс айту үшін, олар Сәби Исаны Иерусалимдегі ғибадатханаға алып келді. (Лұқа 2:22-24) • Олар сол жерде болғанда, Шимон есімді қарт адам келді. Құдайдың Құтқарушыны жіберетінін туралы жоспарын Шимонның билетіні жайында Киелі кітапта айтылған. Шын мәнінде, Киелі Рух арқылы оған Мәсіхті көрмей өлмейтіні туралы уәде берілген болатын. Осы күні Киелі Рух оны Мәриям мен Жүсіпті кездестіруге жетелеп алып келген еді. Шимон Исаның ерекше Сәби, қымбат Сый, Мәсіх екеніне сенді. Шимон Сәбиді қолына алып, Құдайды мадақтаған кезде қандай сезімде болғанын балалармен бірге бөлісіңіз. (Лұқа 2:25-35) • Анна есімді жасы ұлғайған қарт адам да Мәриям және Жүсіппен, Сәби Исамен кездесті. Ол да Жаратқан Иеге алғыс айтып, Оны мадақтады. Содан кейін ол кездестірген адамдардың бәріне Нәресте туралы хабарды жеткізді. (Лұқа 2:36-38) Анна секілді мәсіхшілер де басқалармен Иса жайлы Ізгі хабармен бөліскілері келеді. • Ғибадатханада қанша адам Құдайға алғыс айтты? Біздің білетініміз төрт адам (олардың есімдерін атаңыз), бірақ одан да көп болған шығар. • Мәсіхшілер Иса үшін Құдайға алғыс айтудың маңызды екеніне сенеді. Шимон өмір бойы Иса Мәсіхтің дүниеге келуін аңсап күтіп жүрді. Сенушілер өткенге қарап, Иса Мәсіхтің туылғаны үшін және Оның күнәларымыз үшін айқышта өліп, бізді құтқарып алғанына алғыс айта алады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Ғибадатханада алғыс айту / Мәриям мен Жүсіп ғибадатханада</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 2:30 Негізгі аяттағы сөздер Шимонның Құдайға айтқан мадағынан алынғанын түсіндіріңіз. Сенушілердің қауымы мәсіхшілер Исаға сенім артқанда, Оның соңынан ерушілер болып, құтқарылу сыйын қабылдайтынына сенеді.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ғибадатхана қайда болды? • Мәриям мен Жүсіп Исаны алып, сонда не себепті барды? • Оларға келген қарт ер адам кім болды? • Шимонға қандай уәде берілген еді? • Иса үшін Құдайға алғыс білдірген егде әйел кім болды? • Анна Сәби Исаны өз көзімен көргеннен кейін не істеді? • Шимон мен Аннадан біз қандай үлгі аламыз? • Шимон мен Анна туралы біз қай кітаптан оқи аламыз?

В1 2-әңгіме
Иса Назаретте өсті

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Иса бала кезінен Әкесінің ісімен шұғылданғысы келді. • Иса Мәриям мен Жүсіпке мойынсұнып өсті. <p>Негізгі аят: Лұқа 2:40 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 2:39-52</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Балалардың әке-шешесінен ажырап немесе адасып қалған кездері жайында әңгімелесіңіз. Қалай, қайда болды? Балалармен осыны талқылағанда, ата-аналарының осы жағдайда қандай сезімде болатынына көңіл аударыңыз немесе үйден алысқа кетіп, саяхат жасау және сол кездегі қуанышты сезімдер жөнінде сөйлесіңіз. Бүгінгі әңгімеде Мәриям мен Жүсіптің Исаны ерекше сапарға алып шыққандарын түсіндіріңіз.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Иса Құтқарылу мейрамын тойлау үшін ата-анасымен бірге Иерусалимге барды. Бұл мейрамда ираилдіктер Мысырдағы құлдықтан құтылып шыққандарын атап өтетін. Балалардың өздеріне таныс жерлермен жүріп өткен жолдарымен салыстырғанда, Мәриям мен Жүсіптің, Исаның қаншама ұзақ қашықтыққа жаяу жүргенін түсіндіріңіз. (Иерусалимнен Назаретке дейін 112 шақырым) Он екі жастағы Иса үшін мұның соншама қызықты уақыт болғанын талқылаңыз. Қасында өте көп адам, Өзінің достары, ғимараттар және Өзінің Құдай Әкесі туралы айтатын мұғалімдері бар ғибадатханада болу мүмкіндігі. (Лұқа 2:42) • Үйге қайтар жолда бір күндік жол жүргеннен кейін, Мәриям мен Жүсіп Исаның жоғалғанын білді. Олардың қандай сезімде болғандарын және Исаны адамдардың арасынан қалай іздегендерін, содан кейін Иерусалимге қайтып баруға шешім қабылдағандарын балалармен бірге зерттеп, көз алдарына елестетіп көріңіз. (Лұқа 2:43-45) • Олар үш күн өткенде ғана Исаны ғибадатханада ұстаздардың арасынан тапты. Сол кезде олардың үстінен бір ауыр жүк түскендей жеңілдегендерін сипаттаңыз. Иса ұстаздарды тыңдап, оларға сұрақ қойғанда, олар Исаның Құдай туралы соншама көп білетініне қайран қалысты. Мәриям мен Жүсіп те таңғалды. Мәриям мен Исаның арасында болған әңгімені айтып беріңіз және бала болса да Исаның Әкесінің үйінде (ғибадатханада) Оның ісімен шұғылданғанын түсіндіріңіз. Мәриям мен Жүсіп Исаның айтқандарын түсінбеді. (Лұқа 2:46-50) • Бұдан кейін Иса әке-шешесімен бірге Назаретке оралды. Ол ата-анасына мойынсұнып, Құдай Әкесіне ұнамды болғандай, оларға да ұнамды болып өсе берді. Киелі кітап біздің де әке-шешемізге мойынсұнуымыз қажет екенін үйретеді. (Ефес. 6:1) Құдайдың сөзінде айтылғанға мойынсұнсақ, онда Исадан үлгі алып жатқанымызды көрсетеміз. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса Назаретте өсті.</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 2:40 Осы аяттарда Исаның қалай өскені туралы айтылғанын түсіндіріңіз. Мәсіхшілер де осылай рухани өсе алады, бірақ ең маңыздысы: олар Құдайды сүйетін және оған қызмет ететін адамдар бола алады.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Сабақты қайталау үшін ШЫНДЫҚ / ЖАЛҒАН сөйлемдерді пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Құтқарылу мейрамы Иерусалимде болды. • Бұл әңгімеде Иса он жаста болды. • Мәриям мен Жүсіп Исаны бір күннен кейін тапты. • Иса туысқанының үйінде болды. • Мәриям Исаға өздерінің уайымдағанын айтты. • Иса Өз Әкесінің ісімен шұғылданған болатын. • Құдай – Исаның Әкесі. • Иса Назаретке қайта оралып, Мәриям мен Жүсіпке мойынсұнды.

В1 3-әңгіме**Иса үшін дайын болу / Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өтті**

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Исаның өмірі күнәсіз әрі Құдай Әкесіне әрдайым ұнамды болғанын Киелі кітап растайды. • Жақия пайғамбар Исаны Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өткізді. <p>Негізгі аят: Лұқа 3:22 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 3:1-22</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Маңайына көпшілікті жинай алатын адамдар туралы әңгімелесіңіз. Мысалы, президент, министр, базардағы сатушы немесе атақты өнер жұлдызы, т.б. Сонда адамдардың бәрі не болып жатқанын көруге асығады немесе не туралы айтылып жатқанын естігісі келеді. Жақия Иордан өзенінің жағасында уағыз айта бастағанда, жағдай дәл солай болды. Шөл далада өмір сүретін, сырт келбеті бір түрлі осы адамның не айтатынын тыңдау үшін көп халық жиналды. (Матай 3:4)</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Жақия пайғамбар еді. Бұл ол адамда Құдайдан келген маңызды сөз бар екенін білдірді. Ол адамдардың күнәкар екенін және күнә жасауды тоқтатып, теріс жолдарынан қайтулары тиіс екенін айтты. Содан кейін оларды Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өткізді. Осы рәсімнен өту олардың өмірлерінің өзгергенін шынымен қалайтындарын көрсетті. (Лұқа 3:2, 3, 7) • Егер балалар шомылдыру рәсімін көрген болса, қалай болғанын сұраңыз. Мәсіхшілер үшін шомылдыру рәсімінен өту дегеніміз Құдайға ұнамды өмір сүруді қалайтындарын көрсететін белгі екенін түсіндіріңіз. • Адамдар Жақияның кім екеніне сенімсіз болды. Ол Құдай жіберуге уәде еткен Біреу ме? Жақия өзінен кейін құдіретті Біреудің келетінін түсіндірді. (Лұқа 3:15,16) Ол Кім болды екен? • Содан кейін бір күні Иса халықпен бірге келіп, Ол да шомылдыру рәсімінен өтті. Иса шомылдыру рәсімінен өтер алдында не істеуі қажет болмады? Мәсіхшілер Исаның басқалардан (және бізден) айырмашылығы болғанына сенеді, себебі Ол еш күнә жасаған жоқ және Құдайдың кешіріміне мұқтаж болмады. Алайда Иса Өзінің адам екенін көрсетіп, бүгінгі мәсіхшілерге үлгі қалдырғысы келді. Ол шомылдыру рәсімінен өткен кезде, бір керемет жағдай орын алды. Құдай көктен үн қатып: «Сен- Менің сүйікті рухани Ұлымсың, Саған толықтай ризамын!» - деді және көгершін бейнесіндегі Киелі Рух Оның үстіне қонды. (Лұқа 3:21, 22) Құдай неліктен Исаға риза болды? • Біз күнделікті өмірімізде күнә жасап қоятындықтан, дәл Иса сияқты Құдайды риза ете алмаймыз. Алайда біз Иса сияқты болуға жан сала тырысуымыз қажет екенін Киелі кітап айтады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FB1 сілтемесін қараңыз. Иса үшін дайын болу / Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өтті</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, үйретіңіз. Лұқа 3:22 Осы аяттан бұрын жазылған оқиғаларды балалардың түсінгенін қарапайым сұрақтар қойып, тексеріңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін мына сұрақтарды пайдаланыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жақия қай жерде уағыздады? • Жақияның айтқан хабары қайдан келді? • Жақия адамдарға тәубеге келу қажеттігін айтты. Мұның мағынасы қандай? • Адамдар тәубе еткеннен кейін Жақия оларға не істеді? • Өзінен кейін келе жатқан Біреуді Жақия қалай сипаттады? • Иса Жақияның не істегенін қалады? • Исаның шомылдыру рәсімі басқалардікінен несімен айрықша болды? • Мәсіхшілер қалай Иса сияқты бола алады?

В1 4-әңгіме
Айдалада сыналу
1-2 Деңгейлер
0 ДЕҢГЕЙ 3-әңгімені қараңыз.

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шайтан айдалада Исаны азғырды. • Иса шайтанның шабуылын тоқтату үшін Киелі жазбаларды қолданды. <p>Негізгі аят: Лұқа 4:8 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 4:1-13</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Азғырылу деген нені білдіреді? Балалардан азғырылу жайында мысалдар келтіруін сұраңыз. Мысалы, басқа біреудің затына қызығу, өтірік айту, ата-анамен дауласу, т.б. Осындай азғырылуларға берілмеудің жақсы амалдары туралы әңгімелесіңіз. Бүгін біз Иса азғырылған кезде не істегенін үйренетін боламыз.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Иса шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін, Киелі Рух Оны айдалаға жетелеп алып барды. Қырық күн бойы айдалада болудың қандай екенін талқылаңыз. Ыстық, құрғақшылық, жалғыздық сезіну, т.б. Күнтізбені пайдаланып, қырық күннің қандай ұзақ екенін түсінуге көмектесіңіз. Қырық күн бойы қанша рет тамақ ішілмегенін балалармен бірге санап көріңіз. (Лұқа 4:1) • Иса қырық күн бойы нәр тартпады. Сол себептен Оның қарны қатты ашты. Ол бәрінен бұрын тамақ ішуді қалаған болар. Шайтан Исаны азғырғанда, Оған айтқан ұсынысын балаларға дәлме-дәл айтып беріңіз. Бұл нан табудың қандай оңай жолы! Бірақ Иса бұған Құдайдың Сөзінен алынған аятпен жауап берді. Осылай Ол шайтанның азғыруы дұрыс емес екенін дәлелдеді. (Лұқа 4:3-4) • Шайтан Исаға тағы келіп, бір биік таудың төбесіне шығарып, бүкіл әлемдегі патшалықтарды көрсетті. Шайтан Исаға өзіне ғибадат етуді, сонда осылардың барлығы Онiкі болатынын айтты. Иса: «Құдай Иендi терең қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп, Тауратта жазылған ғой!» - деп жауап берді. Иса шайтанның ойы қаншалықты дұрыс емес екенін көрсету үшін, екінші жолы да Киелі жазбадағы сөздерді пайдаланды. (Лұқа 4:5-8) • Ақырында шайтан Исаны Иерусалимдегі ғибадатхананың төбесіне шығарды. Ол Исаға егер Құдайдың Ұлы болса, сол жерден төмен қарай секіруін және Оған еш зақым тимейтінін айтты. Ол Исаның Өз Құдіретін көрсетуге азғырмақ болды. Бірақ Иса тағы да Киелі жазбаның сөзімен жауап берді. Сол мезгілде шайтан Исаның қасынан кетіп қалды. (Лұқа 4:9-13) Шайтан неліктен кетіп қалды деп ойлайсыңдар? Оның ойы жүзеге асты ма? Иса азғыруларға қалай төтеп берді? • Исаның ешқашан күнә жасамағанын айтып, әңгімені аяқтаңыз. Исаға сенушілер Оның шайтаннан да күшті екеніне сенеді. Ол Өзінің Әкесі Құдайға мойынсұнатынын шайтанға көрсету үшін Құдайдың Сөзін пайдаланды. Дәл сол сияқты мәсіхшілер де дұрыс емес нәрселерге «Жоқ!» деп айтуда Киелі кітапты қолдана алады. Олар Құдайдың сөзін Иса сияқты білсе, дұрыс әрекеттер жасауға күш алу үшін соларды пайдалана алады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Айдалада сыналу / Исаның Жақиямен кездесуі.</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, үйретіңіз. Лұқа 4:8 Осы аяттың не жайында екенін балалардың түсінгенін тексеріңіз. Бұл сөздерді Кім айтты? Бұл кімге айтылды? Иса неліктен дәл осы сөздерді қолданды?</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>В1 сабақтарынан балалардың Иса туралы не үйренгендеріне шолу жасаңыз. Мұғалімнің осы идеяларды көрнекілік карточкаларға жазуына немесе балалардың постерларға сурет салуларына болады. Балалар Lego құрастырғыштарын немесе Play-Doh сазбалшығын пайдаланып, Исаның айдалада азғырылудан өтуі жайында әңгімені жасап көрсетулеріне болады.</p>

B2 1-әңгіме
Исаның суды шарапқа айналдыруы

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәсіхшілер үшін Исаның алғашқы кереметі Оның қарапайым адам емес, Құдайдың Ұлы екенінің дәлелі. • Мәсіхшілер Исаны сүйеді және бүгінгі әңгімедегі қызметшілер сияқты Оған мойынсұнуды қалайды. <p>Негізгі аят: Жохан 2:5 Киелі кітаптан үзінді: Жохан 2:1-11</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Жергілікті мәдениетіміз бойынша үйлену тойының қалай өтетіні туралы әңгімелесіңіз. Балалардың өз тәжірибесінен бөлісулеріне рұқсат етіңіз. Мүмкін болса, үйлену тойынан алынған бірнеше фотоларды немесе видеоны көрсетіңіз. Тойда бірдеңе дұрыс болмай қалса, қалай шешіледі? Бір немесе бірнеше мысалдар келтіріңіз. Бүгінгі әңгімеде Иса, Оның шәкірттері мен анасы Мәриям Қана қаласындағы үйлену тойына шақырылды. (Жохан 2:1-2) Сол жерде не болғанын бірге қарастырайық!</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бақытты қалыңдық пен күйеу жігіт, бір-бірімен әңгімелескен көңілді қонақтар, дәмді тамақ пен сусындар, тойға келген адамдардың барлығы қуанышты. Осы көріністі талқылаңыз. Бір кезде Мәриям бір жағдайды байқап қалды. Қап, тойда шарап таусылып қалыпты! Күйеу жігіт пен қалыңдық қандай сезімде болды екен? Мәриям не істеу керек екенін білді. Ол бірден Исаға осы жағдайды жеткізді. Мәриям неліктен солай істеді деп ойлайсыңдар? Содан кейін ол қызметшілерге бұрылып: «Ол не айтса, соны істендер!» - деп тапсырды. Мәриям Исаның көмек бере алатынын білді. Ол Исаға толық сенді. (Жохан 2:3-4) • Бөлмеде тамақ салуға немесе қонақтардың жуынуы үшін пайдаланылатын суды құятын үлкен (биіктігі бір метрдей) алты тас күбі бар болатын. Иса қызметшілерге күбілерді суға ернеулетте толтырып, содан кейін аздап алып, асабаға апарып берулерін бұйырды. Осы іс-әрекеттің сырт көзге оғаш көрінетінін бөлісіңіз. Бұл, әрине, жай ғана су емес пе? Дегенмен, олар мойынсұнды және таңғаларлық жағдай болды! Тас күбілерге толтырылған су, шынымен, енді су болмай шықты! Ол шарапқа айналды! Бұл алдыңғы ішкен шараптан да дәмдірек әрі ЕҢ ЖАҚСЫ шарап екенімен бәрі келісті. (Жохан 2:6-10) • Керемет оқиға болғанын балаларға түсіндіріңіз. Мәсіхшілер Исаның жасаған кереметтерін басқа ешкімнің жасай алмайтынына сенеді. Иса мұндай кереметтерді Құдайдың Ұлы болғандықтан істей алды. • Қызметшілердің Исаға мойынсұнғаны өте маңызды болды. Олар мойынсұнбағанда, не болар еді? Балалардың осы жайлы ойларымен бөлісуін сұраңыз. Мәсіхшілер үшін ең маңызды нәрсе - Құдайға мойынсұну. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаның суды шарапқа айналдыруы.</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, үйретіңіз. Жохан 2:5 әңгіменің контекстін айтып беріңіз. «Ол» деген Кім екенін балалардың түсінетінін тексеріңіз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Әңгімені қайталау үшін мына сұрақтарды пайдаланыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үйлену тойы қайда болды? • Тойға келген кейбір қонақтардың есімдерін ата. • Қызметшілерге Исаның айтқанын істеуді кім тапсырды? • Иса қызметшілердің не істеуін бұйырды? • Сол жерде су толтыратын қанша күбі болды? • Қызметшілер күбідегі судан аздап алып, асабаға апарып бергенде не болды? • Барлығы немен келісті? • Иса неліктен осы кереметті істей алды? • Біз қызметшілерден нені үйрене аламыз?

B2 2-әңгіме
Исаның науқас баланы сауықтыруы

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Патша қызметкері Исаның құдіретіне сенді және Оның берген нұсқауына бірден мойынсұнды. • Бүгінгі таңда мәсіхшілер Құдайдың Өз еркіне сай үмітсіз жағдайлардың бәрінен алып шығуға құдіреті жететініне сенеді. <p>Негізгі аят: Жохан 4:50 Киелі кітаптан үзінді: Жохан 4:46-54</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Өткен аптадағы сабақты қайталаңыз. Үйлену тойында не болды? Той қайда өтті? Иса Қана қаласына қайтып келді. Оның тойда жасаған кереметі жайлы жаңалықты айналадағылардың бәрі естігенінде еш күмән жоқ.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Сол жерге жақын Қапарнаум қаласындағы бір маңызды кісі (патша қызметкері) Исаның Қанада екенін естіді. Иса оған көмектесе алса ғой! Оның ұлы қатты ауырып жатты. Патша қызметкері: «Иса үйіме келсе, ұлым сауығып кетеді», - деп ойлады. (Жохан 4:47). Екінші деңгейдің балаларына осы екі қаланың ара қашықтығын картадан көрсетсеңіз болады. • Патша қызметкері Исамен кездесу үшін 32 шақырымдай жол жүріп келді. Оның қандай күйде болғанын балалардың көз алдарына елестетіп көрулеріне көмектесіңіз: шаршаған, уайымдаған, шарасыз. Ол Исадан өзімен бірге баруын өтінді. Ол баласының жағдайын айтқанда, Иса жай ғана оған үйіне бара беруін және баласының аман-сау екенін айтты. Иса онымен бірге бармады. Қызметкер мұндай жауапты қалай қабылдады екен? Балалармен бірге талқылаңыз, содан кейін оның Исаның сөзіне сенгенін түсіндіріңіз. Оның Исаға сенім артқаны соншама, баласын сауықтыру үшін Исаның өзімен бірге 32 шақырым жол жүруі керек емес екенін білді. (Жохан 4:47-50) Мәсіхшілер де Исаға дәл осылай сенім артуға тырысатынын түсіндіріңіз. Олар қиындыққа тап болғанда, Құдайдың үнемі бірге болатынына және Киелі кітаптағы уәдесіне сенеді. • Патша қызметкері әлі де жолда келе жатқанда, қызметшілері оған жолығып, жақсы хабарды айтып берді. Бұл қандай хабар екенін балалардан сұраңыз. Әрине, баласының денсаулығы жақсы! Ол мұның қай уақытта болғанын сұрағанда, Исаның: «Балаң аман-сау», - деген кезі дәл сол сәтте болғанын білді. Оның жанұясы қандай қатты қуанды десеңші! Олар Исаның Өзі туралы айтқандарының шындық және Ол Құдайдың Ұлы екеніне сенді. (Жохан 4:51-53) • Қазіргі мәсіхшілер де Исаның Құдайдың Ұлы екеніне және өмірлерінде болып жатқан әрбір жағдайға Оның мән беретініне сенеді. Осы себептен де олар Исаға толық сенім арта алады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FB1 сілтемесін қараңыз. Исаның науқас баланы сауықтыруы</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жохан 4:50. Біреудің айтқан сөзіне сену немесе сол сөзді ұстап қалу дегеннің мағынасын тереңірек түсіндіріңіз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау үшін мына сұрақтарды пайдаланыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Патша қызметкерінің қандай мәселесі болды? • Ол Исаны қайдан тапты? • Ол қаншалықты ұзақ жол жүруі тиіс болды? • Иса оған не істеуді бұйырды? • Ол үйіне бара жатқан жолда кімдерді кездестірді? • Олар қандай хабар айтты? • Оның ұлының денсаулығы қай уақытта жақсарды? • Түсіп қалған сөзді толықтыр. «Патша қызметкері Исаға толық_____».

B2 3-әңгіме**Иса және Бартімей / Иса және соқыр адам**

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бартімей Исаның Кім және Оның қандай құдіреті бар екенін таныды. • Бүгінгі мәсіхшілер Исаның Бартімейге істегені сияқты олардың өмірлерін де кереметпен өзгерткеніне сенеді. <p>Негізгі аят: Марқа 10:52 Киелі кітаптан үзінді: Марқа 10:46-52</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Өз көзіңмен көре алудың тамаша сый екенін бөлісіңіз. Мысалы, алуан түрлі түстерді, әдемі табиғатты, адамдарды көре алу, кітап оқу, ойындар ойнау, теледидар көру, т.б. Өзіміз тұрып жатқан қоғамда көзі көрмейтін зағип адам болудың қандай қиындығы барын балалармен абайлап талқылаңыз. Иса Мәсіх жер бетінде өмір сүрген уақытта көзі көрмейтін адамдардың өмірі өте аса ауыр болды.</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Бартімей Иерихон қаласында тұратын соқыр адам еді. Ол жол шетінде отырып, қайыр сұрап күнін көретін. Оның әрбір күні еш өзгеріссіз өтіп жатты. Бірақ бүгін бір ерекше күн болды. Айналадан естілген халықтың шуылынан Бартімейдің Исаның келе жатқанын біліп қойғанын түсіндіріңіз. Кенет Бартімейді қуаныш сезімі биледі. Ол Исаның істеген кереметтері жөнінде естіген болатын. Ол Исаның өзі үшін не істегенін қалады деп ойлайсындар? Ол Исадан көмек сұрап, бар даусымен айғайлай бастады. Кейбір адамдар оған қатты ашуланып, үндемеуді бұйырды, бірақ ол одан бетер қаттырақ айғайлады. (Марқа 10:46-48) Бартімейдің дұрыс істегенін, себебі оның табандылығы мен сенімі оған сауығу алып келгенін түсіндіріңіз. Бартімейдің Исамен кездесуді аңсағаны сияқты бүгінгі күнде адамдар да Онымен бетпе-бет кездесуге мұқтаж. • Сол кезде Иса тоқтай қалып, Бартімейді Өзіне алып келуін бұйырды. Бартімейдің әрекетін сипаттаңыз. Ол қазір қандай сезімде болды? Иса одан өзіне не істегенін қалайтынын сұрады, ал Бартімей көзінің көріп кетуін сұрады. Сонда Иса оған бара беруін және сенімі арқылы сауыққанын айтты. Сол сәтте-ақ Бартімейдің көзі ашылды. Ол айналасынан нені, кімдерді көре бастағанын балалардан сұраңыз. Оның қандай сезімде болғанын және Исаның өзіне жасаған жақсылығы үшін риза болып, Оған еріп жолға шыққанын бөлісіңіз. (Марқа 10:49-52) • Бартімей Исамен кездескен күнін ешқашан ұмытпаған шығар. Иса ол үшін керемет іс жасады және оның өмірі түбегейлі өзгерді. Исаға сенім артсақ, біз де Бартімей сияқты шынайы бақытқа ие боламыз. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FB1 сілтемесін қараңыз. Иса және Бартімей / Иса және соқыр адам</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Марқа 10:52 Бартімейдің сенімі оның Исаға толық сенім артуында екенін түсіндіріңіз. Ол Исада оның соқыр көзін ашатын құдіреттің бар екеніне сенді.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Сабақты қайталау үшін Шындық / Жалған сөйлемдерді пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бартімей Қана қаласында болды. • Ол соқыр болатын. • Ол мылқау болды. • Исаны көру үшін көп халық жиналды. • Адамдар ашуланғанда, Бартімей үндемей қалды. • Иса оны естімеген адамдай өтіп кетті. • Бартімей орнынан тұрып, Исаға келді. • Адамдар оның Исаға келуіне кедергі жасады. • Бартімей Исамен кездескеннен кейін қайыр сұрауын жалғастырды. • Иса Бартімей үшін керемет жасады.

B2 4-әңгіме

Исаның он ауру адамды сауықтыруы / алапеспен ауырған адамдар

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Алапеспен ауырған адамдар Исаның айтқанын орындап, сауығып кетті. • Мәсіхшілер Құдайдың бізге бергендері үшін алғыс айтудың маңызды екеніне сенеді. <p>Негізгі аят: Забур 106:21 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 17:11-19</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Алғыс айту туралы сөйлесіңіз. Балалар әр күні не үшін алғыс айтуға болатынын ойлансын, пікірін тыңдаңыз. Мысалы, тамақ, киім, су, үй, денсаулық, отбасы, мектеп, т.б. осыларды тізіп жазыңыз. Мінажат арқылы Құдайға барлық игі нәрселер үшін біздің де алғыс айтуымыз қажет екенін түсіндіріңіз.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бүгінгі әңгіме өмірі өте қиын болған он кісі жайында. Алапес ауруы оларға қандай кесірін тигізгенін түсіндіріңіз. Мысалы, терідегі ақ дақтар, аяқ пен қолдың ұйып қалуы, бұлшық еттердің әлсіреуі, көздің көру мәселесі, аяқта жаралардың пайда болуы, саусақтардың қисаюуы, отбасынан, достардан ажырау. • Алайда бір күні тамаша оқиға болды. Осы адамдар тұрып жатқан аймаққа Иса келді. Олардың ешкімге жақындауына болмайтын, сонда да Исаны алыстан көре алды және олар Исаның көмектесе алатынын білді. Олар бәрі бірге Исаны қатты дауыстап шақырып: «Иса, Ұстаз, бізге қайырым қыла көріңіз!» - деп жалынды. (Лұқа 17:11-13) • Иса оларға назар аударып: «Діни қызметкерлерге барып, қаралыңдар!» - деді. Заң бойынша алапестен сауыққан адам діни қызметкерге көрінуі қажет болатын. Бұл адамдар Исаның оларды сауықтыратынына сеніп, Оған бірден мойынсұнып, жолға шықты. Сол жаққа бара жатқанда, аяқ астынан олар алапестен сауығып кетті! Иса оларды сауықтырды! Олар қандай сезімде болды? (Лұқа 17:14) • Осы он кісінің бәрі денелерінде болған керемет өзгеріске таңғалды! Бірақ олардың біреуі ғана алғыс айтуды ойлады. Ол болған керемет үшін Құдайға мақтау айтып, қайтып келді де, Исаны тауып алып, аяғына жығылды. Бұл адамның өзгеше болғанын, себебі ол Иса немесе басқалары сияқты осы елден шықпағанын, керісінше, самариялық болғанын түсіндіріңіз. Иса осы кісінің алғыс айтқанына ерекше риза болып, Өзіне мойынсұнып, сенім көрсеткені үшін мақтады. Иса қалған тоғыз адам жайында қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар? (Лұқа 17:15-19) Сол күні ең бақытты адам кім болды деп ойлайсыңдар? • Алған сыйлығымыз үшін ризашылық білдірудің нәліктен маңызды екенін балалармен бірге қайталаңыз. Мәсіхшілер Исаны Құтқарушы ретінде жіберген Құдайға алғыс айтатындарын айтып, аяқтаңыз. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FB1 сілтемесін қараңыз. Исаның он адамды сауықтыруы / Алапеспен ауырған адамдар</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Забур 106:21 Осы аяттағы балаларға түсініксіз сөздерді талқылаңыз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Сұрақтардың орнына балалар коллаж жасап, әр бала не үшін алғыс айтуға тиіс суреттерін салуға болады. Кішкентай балалардың тобы Lego құрастырғыштарынан, Play-Doh сазбалшығынан немесе таяқшалардан он алапесті бейнелейтін фигуралар жасауларына болады.</p>

3 және 4 ДЕҢГЕЙЛЕР	В1 3-ДЕҢГЕЙ 1-сабақ. Астарлы әңгімелер Тақырып: Менің маңайымдағы адам кім?	В1 4-ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Астарлы әңгімелер Тақырып: Екі борышкер
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 10:25-37 Негізгі аят: Лұқа10:27 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біздің маңайымыздағы адамдар дегеніміз-өздерінің нәсіліне немесе дініне қарамастан біздің көмегімізге мұқтаж адамдар. 2. Мәсіхшілер Құдайды сүйеді және маңайындағы адамдарға рухани, тәндік немесе материалдық жағынан көмектесу арқылы өз сүйіспеншіліктерін көрсетуді қалайды. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 7:36-50 Негізгі аят: Римдіктерге 5:1 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әйел өзінің жасаған күнелерін Исаның кешіре алатынын білді. 2. Парызышыл Шимон да теріс істер жасады. Бірақ соған қарамастан, ол әйелге қарағанда өзін жақсымын деп ойлады.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Біздің маңайымыздағы адамдардың кім екені жайында әңгімелесіңіз. Маңайындағы адам деген жақын тұратын көрші дегенді білдірмейтінін, қайта кім көмекке мұқтаж болса, соған мейірім мен достық танытуды білдіру екенін талқылаңыз.</p>	<p>Осы астарлы әңгіменің негізін сипаттап беріңіз. Ол төмендегіні қамтитынын айтыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Нағыз үш адам – Иса, күнәһар әйел, парызышыл Шимон; • Ойдан шығарылған үш адам – қарыз беруші, қарызға 500 күміс теңге алған адам және елу күміс теңге қарыз болған адам; • Үш сұрақ – 42, 44 және 49-аяттар.
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз: Осы астарлы әңгіменің қолданылуын түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. а) Қарақшылардың қолына түскен адам (30-аят) киімдері сыпырылып алынған, жаралы әрі шала-жансар күйі жолда жатты. б) Бір самариялықтың оған жаны ашып (33-аят), жараларын таңады да, өзі қайта оралғанша жақсы күтім жасалуын қамтамасыз етеді. (33-35-аяттар) 2. а) Мәсіхшілер Құдайдың өздеріне сүйіспеншілік көрсеткеніндей басқаларға да солай сүйіспеншілік көрсетудің маңызды екеніне сенеді. Адамның нәсілі, сенімі немесе әлеуметтік тегі маңызды емес, маңыздысы бір-ақ нәрсе – оның қажеттілігін қамтамасыз ету. б) Әңгімедегі самариялық яһудилік адамға көмектесу үшін тоқтағанын балалардың есіне салыңыз. Сол заманда яһудилер мен самариялықтар бір-бірін жек көретін. Сол себептен де осы самариялық кісінің жасаған ісі мен көрсеткен үлгісі мақтауға тұралық. <p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Менің маңайымдағы адам кім?</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шимонның өзін басқалардан әділ санауы, әйелдің тәубеге келгендегі көз жасы, қуаныш, сүйіспеншілік, ризашылық және Шимонның: «Иса осы күнәкар әйелді өзіне жолатпауы керек еді», - деген ойын біліп қойған Иса. (36-39-аяттар) 2. Исаға сенушілер үшін бұл астарлы әңгіме Исаның «қарыз беруші» екенін көрсету мақсатында айтылған еді. Біз бәріміз Құдайға қарызбыз, бірақ Иса осы қарызды біз үшін айқыш ағашта төледі. Иса Шимонның өзін елу күміс теңге, ал әйел бес жүз күміс теңге қарыз болған адамға теңеп тұрғанын білді. Иса күнәға байланысты еш айырмашылықтың жоқ екенін Шимонның түсінгенін қалады. Елу күміс теңге мен бес жүз күміс теңгеге борышкер болған адамның екеуі де қарыздарын төлей алмады. Алайда қарыз беруші оларды кешірді. (40-43-аяттар) 3. Иса бұлардың қайсысы жомарттық танытқан қарыз берушіні көбірек жақсы көретінін сұрағанда, Шимон көбірек қарызы кешірілгені екенін мойындауына тура келді. (42-аят) Иса Шимонның назарын әлгі әйелге аударып, оның Исаға көрсеткен сүйіспеншілігі мен Шимонның Өзіне көрсетпеген құрметін салыстырды. (44-аят) Ол сондай-ақ күнелерды да кешіре алатынын, бірақ әйелді құтқарып алған оның істеген ісі емес, сенімі екенін баса айтты. (48-50-аяттар) <p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Екі борышкер</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Бірнеше сұрақтар қойып, сабақты қайталаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әлгі адам қайда бара жатты? 2. Қарақшылар не істеді? 3. Қандай діни адамдар оған көмектеспеді? 4. Самариялық не істеді? 	<p>Елшілердің істері 13:38-39-аяттарды оқып, осы сабақта Исаның үйреткендерін бұл аяттар қалай қорытындылайтынын талқылаңыз.</p> <p>Ефестіктерге 4:32-аятты оқып, кешірілген адамдар басқаларға қалай қарауы керек екені жөнінде және барлық күнеларымыз (қарыздарымыз) үшін Құдайдың кешіріміне ие болудың қандай екені туралы талқылаңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Құдайды сүйетіндерін қалай көрсете алады? 2. Маңайындағы адамдардың рухани, тәндік немесе материалдық мұқтаждықтарына мәсіхшілер қалай көмектесе алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шимон Исаға немқұрайды қарады және оның кешірім сұрағаны, кешірім мен тыныштыққа ие болғаны жөнінде еш айғақ жоқ. (50-аят) 2. Әйел өзіндегі ең жақсысын: уақытын, дарынын және қолында барын аямай берді. Бүгінгі күні мәсіхшілер Құдайға қалай қызмет етулері керек?

**3-4-
ДЕҢГЕЙЛЕР**

	<p>В1: 3-ДЕҢГЕЙ 2-сабақ: Астарлы әңгімелер Тақырып: Бай диқан</p>	<p>В1: 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Астарлы әңгімелер Тақырып: Менің маңайымдағы адам кім?</p>
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Луқа 12:13-21 Негізгі аят: Луқа 12:15 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Диқаншы қожалық жағынан бай болғанмен, өмірінен Құдайды ысырып тастағандықтан, рухани кедей болды. 2. Мәсіхшілер Құдайды бірінші орынға қоюға тырысады, себебі олар материалдық заттардан гөрі сенімнің, қызмет ету мен мойынсұнудың маңыздырақ екеніне сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Луқа 10:25-37, Філіпіліктерге 2:1-11 Негізгі аят: Луқа 10:27 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біздің маңайымыздағы адам дегеніміз - нәсілі мен дініне қарамастан көмекке мұқтаж адамдар. 2. Мәсіхшілер Құдайды сүйеді және маңайындағы адамдарға рухани, тәндік немесе материалдық жағынан көмектесу арқылы өз сүйіспеншіліктерін көрсетуді қалайды.
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Жақсы көретін заттар туралы сөйлесіңіз. Басқалардың затына сұқтанып, қызғанышпен қараудың мағынасын талқылаңыз. Он өсиетке сүйеніп, соңғы өсиеттің: «Сұқтанба!»- деп жазылғанын түсіндіріңіз. (Мыс.шығу 20:17)</p>	<p>«Маңайымыздағы адам» деген сөздің мағынасын талқылаңыз. Киелі кітаптағы мағынасы бойынша бұл сөз «маңайымдағы» не «көрші тұрады» дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл кім көмекке мұқтаж болса, соған мейірімділік көрсетіп, жылылық танытуды білдіреді.</p>
<p>АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өлгі адам рухани жағдайынан гөрі материалдық байлықты маңыздырақ деп санағаны үшін Иса оны «түйсіксіз» деп атады. 2. Оның түйсіксіздігі мынадан білінеді: <ol style="list-style-type: none"> a) Құдайсыздық. Ол Құдай туралы ойланбай өмір сүрді. Мәсіхшілер өмірдің әр түрлі оқиғаларға толы болатынын, бірақ Құдай болмаса, өмірдің мәңгілік екенін біледі. Өлгі диқаншы өзіндегі бардың Құдайдан келгенін түсінбеді. b) Кедейшілік. Шын мәнінде, диқаншы мәңгілік өмірге байланысты құндылықтарға кедей болды. Оның жүрегі Құдайдан гөрі байлықты қалады. c) Менмендік. 17-19-аяттарда, оның «астығым», «қамбаларым», «мал-мүлкім» деп айтатынын байқаймыз. Оған осы байлықтарды берген Құдай туралы ол мүлдем ойламады. Ол, тіпті, жан дүниесін де өзінікі деп атады. d) Өзімшіл мақсат. Бұл адамның мақсаттары өзімшілдікке негізделді. Себебі ол ішіп-жеп, көңіл көтеріп, көп жыл қауіпсіз, жеңіл өмір сүруді ойлады. (19-аят) e) Сәтсіздік. Өз өмірінен Құдайға орын бермегендіктен, Құдай сол түні оның жанын алды. (20-аят) Мәсіхшілер Құдайдың өмірдің барлық саласын бақылайтынына сенеді. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Бай диқаншы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Таурат заңын үйретуші бір ғұлама Исадан мәңгілік өмірге жету үшін не істеу керектігін сұрағанда, Иса одан заңда не жазылғанын сұрады. Заң Құдайды және маңайындағы адамды сүюді талап етті. Иса Таурат заңының немесе он өсиеттің күнәдан құтқару үшін емес, қайта, ол Құдайдың кемелді талаптарын көрсету мақсатында жазылғанына нұсқады. 2. Ғұлама Құдайдың талаптарын орындай алмағанын түсініп, кешірім сұрауы керек еді. Алайда, ол төкаппарлық танытып: «Сонда «маңайымдағы адам» кім болғаны?» - деп сұрады. Осы сұраққа тікелей жауап берудің орнына Иса оған қайырымды самариялық туралы астарлы әңгімені айтып берді. Діни қызметкер мен ғибадатхана қызметшісі яһудилік болатын. Ал яһудиліктер самариялықтарды жек көретін. Олар көмек беруден бас тартты. Бірақ оларға жек көріншіт болған самариялық адам жарақаттанған адамды құтқарды. Самариялықтың жараланған яһудилікке нағыз маңайындағы адамы болғанын ғұлама амалсыз мойындады. 3. Күнәкарларға көмектесуге заңның күшсіз екенін діни қызметкер мен ғибадатхана қызметшісінен көреміз. Мәсіхшілер үшін қайырымды самариялық күнәдан құтқарылу алып келген Исаны еске түсіреді. <p>Негізгі аятты керек жерінде түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Менің маңайымдағы адам кім?</p>
<p>ҚАЙТАЛАУ</p>	<p>Бай диқаншы үлкен үш қателік жасады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ол өміріне мақсат қоюда қателесті. Філіпіліктерге 1:21-аятты оқып, Пауылдың өмірінің мақсаты қандай болғанын түсіндіріңіз. 2. Ол байлықты өз күшімен жинадым деп ойлады. Філіпіліктерге 4:19-аятты оқып, Құдайдың қамтамасыз ететінін түсіндіріңіз. 3. Ол болашағына тек өзім сақтықпен қараймын деп, жанын жоғалтты. Марқа 8:36-37-аяттарды оқып, бұл аяттардың осы диқаншыға қандай қатысы барын талқылаңыз. 	<p>Киелі кітаптағы Філіпіліктерден алынған үзіндідегі 1-4-аяттар маңайымыздағы жақсы адамның қасиеттері жайында, ал 5-11-аяттар сүйіспеншіліктің бірден-бір үлгісі Иса екенін көрсететінін айтыңыз.</p>
<p>ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ</p>	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер басқаларға көмектесу үшін қолдарында барын қалай қолдана алатынының тізімін жасау. 2. Мәсіхшілердің материалдық байлық жинауға қаншалықты көңіл бөлуі тиіс екенін ойлану. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Рухани, тәндік немесе материалдық мұқтажы бар адамдарға мәсіхшілер қалай көмектесе алады? 2. Луқа 6:35-аят жақсы «маңайындағы адам» туралы не айтады? Осы сөздерді іс жүзіне қалай асыруға болады?

**3 және 4 -
ДЕҢГЕЙЛЕР**

В1 3-ДЕҢГЕЙ
3-Сабақ. Астарлы әңгімелер
Тақырып: Тұқым себуші

В1 4-ДЕҢГЕЙ
3-Талдау. Астарлы әңгімелер
Тақырып: Дүниеқор диқан

Киелі кітаптың назар аударатыны: Марқа 4:1-20
Негізгі аят: Марқа 4:20
Біздің үйренетініміз:
1. Тұқым – Құдайдың Сөзі.
2. Әр түрлі топырақ адамның жүрегін және ол Құдайдың Сөзін қаншалықты қабылдайтынын бейнелейді.

Киелі кітаптың назар аударатыны: Луқа 12:13-21
Негізгі аят: Луқа 12:15
Біздің үйренетініміз:
1. Диқаншы қожалыққа бай болғанымен, өмірінен Құдайды ысырып тастағандықтан, рухани кедей болғанын Киелі кітап айтады.
2. Мәсіхшілер Құдайды бірінші орынға қоюға тырысады, себебі олар материалдық заттардан гөрі сенімнің, қызмет ету мен мойынсұнудың маңыздырақ екеніне сенеді.

ТАНЫСТЫРУ

Иса Өзі үйретіп жүрген тәліміндегі кейбір шындықтарға көңіл аудару үшін астарлы әңгімелерді жиі айтқанын түсіндіріңіз. Негізінде астарлы әңгімелердің терең әрі рухани мағынасы болды. Иса кейде олардың мағынасын түсіндірмейтін. Алайда бұл жағдайда ол астарлы әңгімені толық түсіндіріп берді. Тұқым түскен әр түрлі топырақ Құдайдың Сөзіне берілген түрлі жауаптарды бейнелейді.

Осы астарлы әңгіме айтылмас бұрын қандай жағдай болғанын талқылаңыз. Бір адам Исадан мұраны бөлісу туралы дауды шешуге көмектесуін сұрады. Мұндай мәселелерді жиі кездері Раббылар шешетін. Алайда Иса бұдан да үлкен мәселеге, яғни, Құдаймен қарым-қатынас материалдық байлықтан гөрі маңызды екеніне нұсқады.

**АЯҚТАУ /
ТОЛЫҚТЫРУ**

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:
1. **Жол бойы (15-аят)** - Исаға «жоқ» деп айтатын адам. Құстар Құдайдың сөзін ұрлап кететін шайтанды бейнелейді. Мұндай адам Құдайдың сөзіне еш қызығушылық көрсетпейді.
2. **Тастақ жер (16-17-аяттар)** - сөзді естіген бойда қуанышпен қабылдайтын адам. Алайда қиындықтар келгенде, төлейтін құнның тым жоғары екенін ойлап, бәрін тастап кетеді. Қиындықтар мұндай адамдардың жүректері өзгермегенін және олардың сенімдері шынайы емес екендіктерін анық көрсетеді.
3. **Тікенді жер (18-19-аяттар)** - басын жақсы бастайтын, нағыз мәсіхші сияқты көрінетін адам. Алайда ол осы дүниелік шаруаларға, байлыққа алданып, мәсіхшілікті тастап кетеді. Мұндай адамдар «өнім» бермейді.
4. **Құнарлы топырақ (20-аят)** – Құдайдың сөзін қабылдап, кешірімге мұқтаж екенін мойындайтын, не болса да, Құдайдың жолымен адал жүретін адам.
Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.
3-сабақты аяқтаңыз.
Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Тұқым себуші

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:
1. Бұл астарлы әңгіме дүние-мүлік өмірдегі ең маңызды нәрсе емес екенін бейнелейді. Мәсіхшілер өздерінде бардың бәрі Құбайдан келгеніне және Оның даңқы үшін қолданылуы керек екеніне сенеді. Әлгі түйсіксіз кісі өзінде бар көп дүние-мүлікті мұқтаж адамдармен бөліскені жөн еді.
2. Ол өз болашағын жоспарлап қойды. **17-19-аяттарда** «астығым», «қамбаларым», «мал-мүлкім» деген сөздерінен оның Құдайды еш нәрсеге қатыстырғысы келмегенін байқаймыз. Бұл адамның өмірі үшін Құдайдың басқа жоспары болды және Ол сол түні-ақ оның өлетінін айтты. **(20-аят)** Осы түйсіксіз кісі мәңгілік өмірі жайында ойланбады. **Амос 4:12-аятта** жазылған ескертуге назар аударыңыз.
3. Осы астарлы әңгімеде Құдайдың: «Сонда сенің жиып-тергенің кімге қалады?» - деген өте маңызды сұрақ қойғанына назар аударыңыз. **(20-аят)**
4. Дүниеқор диқан өмірдің мәнін түсінбеді. Ол сараң болмай, басқалардың қамын ойлап, өз байлығымен бөліскені дұрыс болар еді.
Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.
3-талдауды аяқтаңыз.
Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Дүниеқор диқан

ҚАЙТАЛУ

Балалардың топырақтың төрт түрінің айырмашылығын түсінгенін тексеріңіз. **20-аяттағы** отыз, алпыс, жүз еседен өнім берудің әр түрлі дәрежесі туралы пікірталасқа балаларды қатыстырыңыз. Құдайдың сөзіне мойынсұнатын мәсіхшілердің мол өнім беретінін түсіндіріңіз.

Нақыл 11:4, 29 және Матай 6:19-21-аяттар бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтыны жайында ойланыңыз. Сондай-ақ **Мысырдан шығу 20:17-аятты** оқып, басқалардың меншігіне сұқтанбау жайында әңгімелесіңіз.

**ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ**

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:
1. Топырақтың түрлері адамның жүрегін қалайша бейнелейді?
2. Мәсіхшілер Иса үшін қалай жемісті өмір сүре алатыны жайында ойланыңыз.

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:
1. Киелі кітапта өмірдің нағыз мақсаты жайында жазылған аяттарды талқылаңыз. «Себебі Мәсіх – менің өмірім». (**Філіп. 1:21-аятындағы** Пауылдың сөзі)
2. Мал-мүлікті басқалардың игілігі үшін пайдаланудың маңыздылығы. Кейбір идеялардың тізімін жасаңыз.
3. Ашкөздік пен сараңдықтың салдарын және оның басқаларға тигізетін әсерін талқылаңыз.

3 және 4- ДЕҢГЕЙЛЕР	B1 3-ДЕҢГЕЙ 4-сабақ. Астарлы әңгімелер Тақырып: Басқаларды кешіру	B1 4-ДЕҢГЕЙ 4-талдау. Астарлы әңгімелер Тақырып: Үлкен қонақасы
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Матай 18:21-35 Негізгі аят: Ефестіктерге 4:32 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бұл астарлы әңгіме мәсіхшілерді кешірім беруге үйретеді. 2. Мәсіхшілер басқаларға кешірім беруден талмауы қажет екенін Киелі кітап үйретеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 14:15-24 Негізгі аят: Жохан 6:37 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Құдайдың мәңгілік өмірге шақыруын қабылдады. 2. Мәсіхшілер басқа адамдардың Құдайдың шақыруын қабыл алуы үшін шақыруға жауапты. Бұл жайында Киелі кітап айтады.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Петірдің кешірім беру жайында бір мәселеге тап болғанын түсіндіріңіз. Ол Көне Әсіетте адамға ең көп дегенде үш немесе төрт рет кешірім берілгенін білетін. (Амос 2:6) Исаның шәкірті ретінде Петір көбірек жомарт болуы керектігін сезініп, жеті рет кешіруді ұсынды. (21-аят) Алайда Исаның жауабы «жеті қайтара жетпіс ретке дейін» болды. Мұның мағынасы басқаларға шексіз кешірімді болу дегенді білдіреді.</p>	<p>Шығыста дәрежесі жоғары адамдар жоспарланып отырған тойға екі шақыру жібереді. Бірінші шақыру тойға дайындықтың жүріп жатқанын, ал екінші шақыру тойға бәрі дайын екенін хабарлайды. Осы астарлы әңгімеде қонақасына шақырылған адамдардың тойға келуге ешқандай ниеттері болмағаны және алуан түрлі сылтау ойлап тапқандары айтылған.</p>
АЯҚТАУ/ТОЛЫҚ ТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Патша өзіне борышкер қызметкерінің қарызын төлей алмайтынын білгенде, оған жаны ашып, қарызын кешірді. (25-27-аяттар) Бұл рақымдылық қызметкерді лайықты жазасынан құтқарып қалды. 2. Кешірілген қызметкер өзінің қарызымен (алты жүз миллион теңгедей) салыстырғанда, аз ғана қарыз (үш мың теңгедей) болған қызметтес жолдасын кешіруі керек еді. Ол рақымдылық көрсетуді ұмытып кетті. 3. Иса адамдардың басқаларды қанша рет кешіргені жайында санасудың қажеті жоқ екенін баса айтты. Мәсіхшілердің басқалармен қарым-қатынасы Құдайдың өздеріне деген көзқарасын көрсетуі керек. 4. Күнәкар ретінде мәсіхшілер күнәнің қарызын өтей алмайды және Құдайдың қаһарынан құтылу үшін Оның мейіріміне мұқтаж. Олар Исаның айқыш ағашта «көптеген адамдардың азаттық төлемін өтеу үшін жанын қиып», осы қарыздардың бәрін төлегеніне сенеді. (Матай 20:28) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Басқаларды кешіру</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қонақасына көп адам шақырылды. Бірақ оның уақыты оларға ыңғайсыз болғандықтан, шақырудан бас тартты. 2. Шақырылғандардың айтқан сылтаулары шындыққа жанаспады, себебі олардың бәрін алдын ала шешіп, тойға қатысуға болар еді. Бірінші сылтау. (18-аят) Бұл кісі кешірім сұрағанмен, яһудилік адамның жерді көрмей тұрып сатып алғанына сену қиын. Қонақасы кешке берілгендіктен, жерді ымырт түскенде барып көрудің де қажеті жоқ еді. Екінші сылтау. (19-аят) Бұл кісі тәкаппарлық танытып, ешқандай кешірім сұрамады. Өзінің өгіздерін бәрінен маңызды деп санайды. Үшінші сылтау. (20-аят) Бұл кісінің сылтауы түкке тұрғысыз. Егер ол сондай өзімшіл болмаса, әйелін қонақасына алып келуіне болар еді. 3. Бірінші сылтау дүние-мүлікті бәрінен жоғары қоятын адамдарды білдіреді. Екінші сылтау өз жұмыстарымен тым әуре болып, уақыты жоқ адамдарды көрсетеді. Үшінші сылтау үйдің жауапкершіліктерін сылтау етіп, уақыт таппайтын адамды суреттейді. 4. Қожайын бұл сылтауларға ренжіп, өзін қорланғандай сезінді. Сондықтан ол өз қызметшісін қаланың кешелері мен тар жолдарына жіберіп, кедейлерді, ақсақтарды және соқырларды қонаққа шақыруды тапсырды. (21, 23-аяттар) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Үлкен қонақасы</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>«Мейірім» мен «рақымдылық» сөздерін түсіндіріңіз. Бүгінгі үзінді мейірім мен рақымдылықты қалай көрсететінін талқылаңыз. Ары қарай зерттеу үшін Титке 3:5 және Ефестіктерге 2:8-аяттарды оқып, мәсіхшілер Құдайдың мейірімін қайдан көре алатындары жайында әңгімелесіңіз.</p>	<p>Бұл астарлы әңгіменің бастапқы мағынасы нені білдіреді? Ізгі хабарды алғашында яһудилер қабылдамағандықтан, кейін ол басқа ұлттарға ұсынылғанын түсіндіріңіз. Киелі кітап Құдайдың мейірімі мен рақымын жоққа шығаратындар үшін, бір күні тым кеш болатынын және Мәңгілік өмір сыйы енді қолжетімді болмайтынын үйретеді.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілерге неліктен басқаларды кешіру керек? 2. Ефестіктер 4:32-аяттағы мәсіхшілердің бойында болуы тиіс қасиеттерге сілтеме жасаңыз. 	<p>Бұл сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киелі кітап қонақасына әр түрлі адамдардың шақырылғанын айтады. Осыны біле отырып, мәсіхшілер өзгелерге қандай көзқараспен қарауы керек? 2. Бүгінде адамдар Исаға сенім артпау үшін қандай сылтаулар айтады?

3 және 4- ДЕҢГЕЙЛЕР	B2 3-ДЕҢГЕЙ 1-сабақ. Кереметтер Тақырып: Судың шарапқа айналуы	B2 4-ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Кереметтер Тақырып: Судың шарапқа айналуы
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 2:1-11</p> <p>Негізгі аят: Жохан 2:11</p> <p>Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киелі кітаптағы жұбайлардың жаңа өмірге қадам басқан үйлену тойлары бір аптаға созылатын. 2. Исаның адамдармен жақсы уақыт өткізіп, оларға сүйспеншілік көрсетіп, қуанышына ортақтасу үшін уағыз айтып, тәлім беруден үзіліс алғанына мәсіхшілер сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 2:1-11</p> <p>Негізгі аяттар: Жохан 15:14, Жохан 2:5</p> <p>Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киелі кітапта жазылған оқиғалардың заманында үйлену тойына келуден бас тарту қорлаумен тең саналатын. Үйлену тойлары қоғамдық маңызы бар шара деп есептелетін. 2. Осы кереметті жасау арқылы Иса Өзінің жай адам емес, шын мәнінде Құдайдың Ұлы екенін бәріне ашық көрсеткеніне мәсіхшілер сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	Шығыс елдерінде өтетін үйлену тойларымен таныстырыңыз. YouTube-тан видео көрсетіп, батыс елдеріндегі үйлену тойларынан айырмашылығы жөнінде талқылаңыз.	«Керемет» дегеннің не екенін балалармен бірге талқылаңыз. Жоханның Ізгі хабары көпшіліктің алдында істелген жеті кереметтің айналасында құрылғанын түсіндіріңіз. Ғалилея аймағындағы Қана қаласындағы үйлену тойында жасалған керемет солардың алғашқысы. Жохан 4:46-54, Жохан 5:1-15, Жохан 6:5-14, Жохан 6:16-24, Жохан 9:1-7, Жохан 11:1-45 қараңыз. Жеке шәкірттерінің алдында жасалған сегізінші керемет те бар. Бұл Исаның өлімнен қайта тірілгенінен кейін, 153 балық аулап алған кезі болатын. (Жохан 21:1-11)
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тойға көп қонақ шақырылғандықтан, мұқият жоспарланған еді. Той кезінде шарап таусылып қалса, той иелері ұятқа қалып, қонақтар ренжитін. 2. Мәриям Исаның көмектесе алатынына сенді. Ол осындай дағдарыс кезінде Исаға жүгінді. Бүгінгі күнде мәсіхшілер дәл солай Құдайға келеді. 3. Алты тас күбіге 80-120 литрдей су сыятын және оны рәсми жуыну үшін пайдаланатын. 4. Бұл керемет Исаның Құдайдың Ұлы екенін көрсетті және шәкірттердің сенімін одан сайын нығайтты. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</p> <p>1-сабақты аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Судың шарапқа айналуы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса мен Оның анасы, шәкірттері үйлену тойына қонаққа шақырылды. Сол уақытта Жүсіп қайтыс болып кеткен болатын. 2. Мәриям қызметшілерге Исаны көрсетіп: «Ол не айтса, соны істендер!» - деп тапсырды. Бұл Мәриямның айтқандарының жазбада қалған соңғы сөздері еді. Олар Мәриямның Исаға толық сенгенін көрсетеді. 3. Ең күшті шарап қонақтарға тойдың соңында берілді. Бірақ әдетте шараптың ең жақсысын тойдың басында беретін. 4. Шәкірттері Исаның жасаған кереметін көргенде, Оған сенді. Олар Исаның құдіреті табиғи күштен де жоғары екенін мойындады. Исаға деген сенімдері одан сайын тереңдей түсті. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.</p> <p>1-талдауды аяқтаңыз.</p> <p>Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Судың шарапқа айналуы</p>
ҚАЙТАЛАУ	Осы керемет оқиғаны қайталау сұрақтарымен қорытындылаңыз. Исаның жасаған кереметін қонақтардың бәрі көрмегенін айтыңыз. Исаның Өзінің Кім екенін ашық көрсететін уақыты әлі келмеген болатын. Бұл керемет Оның қоғамдық қызметінің бастамасы болды.	Сұрақтар қоя отырып, әңгімені қайталаңыз. <ol style="list-style-type: none"> 1. Исаның: «Керемет жасау үшін көктегі Әкем белгілеген уақытым әлі келген жоқ», - деген сөздері нені білдіргенін талқылау. 2. Исаның Кім екені тым ерте ашылып қойған болса, соның салдары болар ма еді?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер үшін басқалармен бірге уақыт өткізу қаншалықты маңызды? 2. Нақыл 3:5-6-аяттарды оқып, қиындық туғанда мәсіхшілер қалай Құдайға сенім артатыны жөнінде үйрену. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер қоғамдық шараларға қатысуы керек пе? Неліктен? 2. Мәсіхшілердің өмірі үшін үнемі Киелі кітап оқып, мінажат етудің маңыздылығын талқылау.

3 және 4- ДЕҢГЕЙЛЕР	B2 3-ДЕҢГЕЙ 2-сабақ. Кереметтер Тақырып: Науқас баланың сауығуы	B2 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Кереметтер Тақырып: Науқас баланың сауығуы
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 4: 43-54 Негізгі аят: Жохан 4:50 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Патша қызметкерінің ұлы ауыр халде, өлім аузында жатты. Бірақ Иса оны сауықтырды. 2. Патша қызметкері Исаның сөзін есінде сақтап алып, Оның айтқанына мойынсұнып, үйіне қайтып кетті. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 4:43-54 Негізгі аяттар: Елшілердің істері 16:31, Римдіктерге 10:9 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Патша қызметкерінің ұлы өлім аузында жатыр еді. Оның әкесі Исаның сауықтыра алатынына сенді. 2. Құдай Өзінің Ұлына сенім артып, Оның сөзіне мойынсұнатындарға мәңгілік өмір беретініне мәсіхшілер сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Исаның Қана қаласына алғаш келгенінде суды шарапқа айналдырғанын балалардың есіне салыңыз.</p> <p>Картаны пайдаланып, Исаның Қана, ал баланың Қапарнаум қаласында болғанын көрсетіңіз. Иса Қапарнаумда болмаса да, Оның құдіреті сол жерде сезілді.</p>	<p>Иса Өзінің алғашқы кереметін Қана қаласында жасағанын балалардың есіне түсіріңіз. Оның атағы кең жайылғаны соншама, Ирод патшаның сарайындағы қызметкер Исадан өзінің ұлын сауықтыруын кішіпейілділікпен сұрады.</p> <p>Бұл кісі ұлын сауықтыру үшін Иса оның жанында болуы керек деп ойлаған болар. Иса оны сенімінің аздығы үшін сөккен жоқ, керісінше, сенім көрсеткеніне риза болды. Өлгі адамның «Исаның сөзіне сеніп, кетіп қалғанына» ерекше назар аударыңыз. (50-аят) Оның сенімі кереметке емес, Исаның айтқан сөзіне негізделді. Ол алдымен сенді, сенімнің нәтижесін кейін өз көзімен көрді.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бұл баланың әкесі Ирод патшаның шенеунігі болатын әрі яһудилік еді. Исаның алдында оның заңды билігі болса да, Оны «Мырза» деп атап, құрмет көрсетті. Ол Исаның келіп, ұлын сауықтырып беруін өтініп болып, 32 шақырымдай жол жүрді. 2. Әкесі ұлын сауықтыру үшін Исаның өзімен бірге баруы керек деп ойлады, бірақ Иса ұлының аман-сау екенін айтты. Ол Исаның айтқан сөзіне сеніп, үйіне қайтты. Жолда кездескен қызметшілерінен ұлының денсаулығы қай уақытта жақсарғанын сұрағанда, олардың жауабы Исаның: «Балаң аман-сау», - деп айтқан сол сөтте болғанын растады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FВ1 сілтемесін қараңыз. Науқас баланың сауығуы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Науқас бала және әкесінің өтініші. Өлгі кісінің ауырып жатқан баласының сауығып кеткенін қалағаны сонша, Исамен жолығу үшін ұзақ жол жүруге дайын болды. 2. Исаның жауабы. Иса: «Балаң аман-сау», - дегенде, өлгі адамның сенімін сынады. (50-аят) Сол замандағы адамдар да қазіргі адамдар сияқты Құдайдың Сөзіне алдымен сенудің орнына, кереметтер көруді қалайтын. (48-аят). Алдымен сен, содан кейін көресің! 3. Нәтиже. Патша қызметкері сенді, оның ұлы сауықты және нәтижесінде ол үй ішімен Исаға сенді. Мәсіхшілер Құдайдың сөзіне сеніп, Оған мойынсұнады. Осының нәтижесінде олар мәңгілік өмірді иеленбек. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FВ1 сілтемесін қараңыз. Науқас баланың сауығуы</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Жохан 4:50 Осы негізгі аятты оқып, бүгінгі сабақты қалай қорытындылауға болатынын талқылау. Исаның құдіреті тек баланы сауықтырып қана қойған жоқ, ол патша қызметкерінің бүкіл үй ішін сенімге алып келді. (Жохан 4:53)</p>	<p>Еврейлерге 11:6-аятта: «Ал сенім артпай, Құдайға ұнау мүмкін емес», -деп жазылған. Осы тұжырым туралы ойлану және бүгін үйренген сабаққа осы аяттың қандай қатысы барын талқылау.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкер Исаның айтқан сөзіне сенді және мойынсұнды. Мәсіхшілер осы адамнан қандай үлгі ала алады? 2. Қазіргі таңда мәсіхшілердің дұғасына жауап беріп, керемет жасау үшін Иса тәнімен жанында болуы қажет пе? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қызметкер Исаның сөзіне сеніп, кетіп қалды. Ол сенімін іс-әрекетпен көрсетті. Мәсіхшілер үйде, мектепте сенімдерін қалай іс-әрекетпен көрсете алатыны жөнінде ой толғау. 2. Исаға сенім арту бүгінгі біздің мәдениетімізге қандай шақыру тастайды? (Мысалы, адамдар алдымен сеніп, содан кейін Құдайдың жұмысын мәсіхшілердің өмірінен көрудің орнына, бірінші көріп, содан кейін сенгісі келеді.)

3 және 4- ДЕҢГЕЙЛЕР	B2 3-ДЕҢГЕЙ 3-сабақ. Кереметтер Тақырып: Соқыр көздің ашылуы	B2 4-ДЕҢГЕЙ 3-талдау. Кереметтер Тақырып: Зағип Бартімей
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Марқа 10:46-52 Негізгі аят: Марқа10:52 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бартімейдің көзі көрмегенмен, Исаның оны сауықтыра алатынына сенімі болды. 2. Исаның Бартімейге жаны ашып, оның сұрағанын берді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Марқа 10:46-52 Негізгі аят: Марқа10:52 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бартімей берілмей, табанды болып, Исаны шақыра берді. Оның табандылығына бола Исаның оған жаны ашыды. 2. Бартімей Исаға келу үшін өзінде бар мүлктің бәрінен (жамылғысынан) бас тартуға дайын болды.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Оқушылар көзі көрмейтін біреуді біле ме екен? Сұрап көріңіз. Зағип адамның өмірінде кездесетін қиындықтары туралы айтыңыз. Ондай адамдарға қалай көмектесуге болатынын және физикалық соқырлықты емдеу мүмкін емес екенін талқылаңыз.</p>	<p>Исаның заманында зағип жандарға қолдаудың өте аз болғанын және олардың көпшілігі жан сақтау үшін қайыр сұрап күнелткенін түсіндіріңіз. Зағип адамдар мәселесіне арналған кейбір қайырымдылықтарды зерттеу арқылы бүгінгі жағдайды бұрынғы кезбен салыстырыңыз.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Соқыр Бартімей яһудилік Исаның Мәсіх, Дәуіттің Ұрпағы екеніне сенді. Шындығына келсек, яһудилер Исаның Мәсіх екеніне сенбейтін. 2. Бартімей Исаның оны сауықтыра алатын құдіретінің бар екеніне сенімді болды. Ол көзінің көре алу қабілетін қалпына келтіру үшін көмек сұраудан жалықпады. Мәсіхшілер үшін Құдайдың Ұлы Исаның қайыршының жалбарынған даусын естіп, «тоқтай қалғаны» (49-аят) Оның мұқтаждарға деген үлкен жанашырлығы мен сүйіспеншілігін көрсетеді. 3. Киелі кітап заманында қайыр сұрайтын адамдардың жамылғылары ақша жинауға әрі жылынуға пайдаланатындықтан құнды саналатын. Сауығуды аңсаған Бартімей жамылғысын тастай сала, Исаға жетіп келді. 4. Бартімей Исаның айқышқа шегеленер алдындағы Иерусалимге соңғы сапарында Оның соңынан еруі арқылы өз алғысын білдірді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Соқыр көздің ашылуы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Марқа жазған Ізгі хабарда Исаны тек бір рет қана Дәуіттің Ұрпағы деп атаған болатын. Бартімей Исаның Мәсіх екенін танып, Оның сауықтыра алатынына сенді. 2. Бұл Бартімейдің Исамен кездесетін соңғы мүмкіндігі болған шығар. Себебі Иса айқышқа шегеленіп, өлу үшін Иерусалимге бара жатқан еді. 3. Бартімей өзіндегі жалғыз құнды киімі жамылғысын тастай сала, Исаға келді. Бүгінгі күні де мәсіхшілердің Исамен қарым-қатынасына кедергі келтіретін қандай да бір құнды саналған нәрселерден бас тартқандары жөн. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Зағип Бартімей</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>51-аяттағы Бартімейдің қысқа өтінішіне және 52-аяттағы Исаның тез жауап бергеніне балалардың назарын аударыңыз. Бартімей өзіндегі қарапайым сенімін көрсетті, ал Иса онысын құрметтеді.</p>	<p>Матай 4:18-22-аяттарды оқып, жасап жатқан әрекеттерін тоқтатып, бірден Исаның соңынан ерген тағы басқа кімдерді білетінін еске түсіру.. Ефестіктерге 6:10-18 және Қолостықтарға 3:8-17 аяттарды оқыңыз. Киелі кітаптан алынған осы үзінділерден мәсіхшілік өмірді сипаттайтын алты негізгі қасиеттердің тізімін жасау.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бартімейдің өтініші қысқа да шынайы болды. Бартімейге қарап, біз дұға туралы нені үйрене аламыз? 2. Бартімей сауыға сала, Исаның соңынан ерді. Оның Исаға риза болғанын бірден көруге болады. Мәсіхшілік өмірге мұның қандай қатысы бар? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бартімей тәндік қараңғылықта өмір сүрді. Жохан 8:12-аятты оқып, рухани түнектен шығып, «шынайы өмірдің Нұрына ие болу» дегеннің мағынасы жайында ойлану.

3 және 4- ДЕҢГЕЙЛЕР	B2 3-ДЕҢГЕЙ 4-сабақ. Кереметтер Тақырып: Он алапестің сауығуы	B2 4-ДЕҢГЕЙ 4-талдау. Кереметтер Тақырып: Он алапес адам
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 17:11-19 Негізгі аят: Забур 106:8 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осы әңгімедегі он адам алапеспен ауырды. Бұл адамды қоғамнан аластататын жұқпалы тері ауруы еді. 2. Яһудилер мен самариялықтар бір-бірін жек көрді, бірақ сауыққаны үшін Исаға алғыс айтуға келген адам самариялық болды. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 17:11-19 Негізгі аяттар: Ефестіктерге 2:8-9 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер Исаға деген сенімінің арқасында күнәнің ауруынан сауыққандарына сенеді. 2. Киелі кітап біздің барлық игіліктер үшін ризашылық білдіруіміз қажет екенін үйретеді. Себебі бұлардың барлығы Құдайдан келген.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Алапес деген тері ауруы екенін және әлемде көптеген адамдар әлі де осы ауруға шалдығатынын түсіндіріңіз.</p> <p>Леуіліктерге 13:45-46-аяттарға сілтеме жасаңыз және Мұсаның заманында алапес адам таза емес, арамданған болып есептеліп, бәрінен бөлектеніп, жалғыз өмір сүруі тиіс болғанын түсіндіріңіз.</p>	<p>Алапес деген жұқпалы тері ауру екенін және адамдар әлі күнге дейін осы ауруға шалдығатынын түсіндіріңіз. Жиырма миллион адам осы аурумен ауыратыны есептелген. Осындай ауруға шалдыққандарға көмек беретін «Алапес Миссиясы» деген ұйымның бар екенін кейбір адамдар естіген болар.</p> <p>Алапестен зардап шеккен Киелі кітаптағы басқа да кейіпкерлерге нұсқау жасаңыз. Леуіліктерге 13:45-46-аяттарды да қараңыз.</p>
АЯҚТАУ / ТОЛЫҚТЫРУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алапеспен ауырған адамдардың басқалармен араласуына болмайтын, сондықтан олар алыстан тұрып, Исадан көмек сұрады. 2. Исаның айтқанына мойынсұнып, олар діни қызметкердің үйіне баруға жолға шықты. Жолда кетіп бара жатып, ауруларынан сауығып кетті. 3. Олардың отбасыларына қайтуына рұқсат беретін тек діни қызметкерлер болатын. 4. Тек бір алапес самариялық адам ғана Исаға алғыс айту үшін қайта оралды. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Он алапестің сауығуы</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алапеспен ауырған адамдар өздерін-өздері сауықтыра алмады, сол себептен Исадан қайырым қылуын өтінді. (13-аят) 2. Иса олардың діни қызметкерлерге баруын бұйырғанда (14-аят), олар мойынсұнып, сол жаққа бара жатқанда, құлан-таза сауығып кетті. Исаның айтқан сөзіне мойынсұну мен қарапайым сенім оларға сауығу алып берді. 3. Тек бір алапес самариялық адам ғана кішіпейілділікпен қайта оралып, сауықтыру сыйлаған Исаға мақтау мен алғыс айтты. (16-аят) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Он алапес адам</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Исаның заманында алапеспен ауыратындарға маңайындағылардың қалай қарағанын балалардың есіне түсіру арқылы сабаққа шолу жасаңыз. Қоғамнан аластатылған адамның қандай сезімде болатыны жөнінде балаларға ой салыңыз. Бүгінгі қоғамнан өздерін шеттетілген сияқты сезінуі мүмкін адамдар туралы ойлануға түрткі болыңыз. Осындай адамдарға қандай көмек немесе жігер беруге болады?</p>	<p>Алапеспен ауырған адамдар сауықпай тұрып, ең алдымен, Исаға деген сенімдерін көрсетулері қажет болғанына баса назар аударыңыз. Олар діни қызметкерге қаралуға бара жатқан жолда құлан-таза сауықты. Қазіргі таңда мәсіхшілер күнәдан тазарып, сауығу үшін Исаға сенім артады.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер не үшін ризашылық білдірулері қажет? Тізім жасап, алғыс айту мінажатын жазу. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхші үшін Құдайға ризашылық білдіру деген шынында нені білдіретінін (1 Жохан 1:7) және бұл олардың өміріне қалай әсер ететінін талқылау. (Забур 39:4)

А қосымшасы 0 және 1-ДЕҢГЕЙ Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B1	Мәсіхтің өмірі	Ғибадатханада алғыс айту
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-simeon-anna/
		Иса Назаретте өсті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-jesus-12/
		Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өтті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-jesus-baptised/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/mk-john-baptist/
B2	Кереметтер	Айдалада сыналу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-jesus-tested/
		Исаның суды шарапқа айналдыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/wedding-cana-preschool/
		Исаның науқас баланы сауықтыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-020-officials-son/
		Иса және Бартімей
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lb-blind-bartimaeus/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/lgr-blind-man/
		Исаның он алапесті сауықтыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-ten-healed/

А қосымшасы 2-ДЕҢГЕЙ Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B1	Мәсіхтің өмірі	Мәриям мен Жүсіп ғибадатханада
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-010-simeon-anna/
		Иса Назаретте өсті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-twelve/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-011-jesus-found/
		Иордан өзенінде шомылдыру рәсімінен өтті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/john-baptist-jesus/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-013-jesus-baptism/
		Айдалада сыналу
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-014-jesus-temptation/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-tempted/
B2	Кереметтер	Исаның суды шарапқа айналдыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-016-wedding-cana/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-wedding/
		Исаның науқас баланы сауықтыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-020-officials-son/
		Иса және соқыр адам
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-blind-man/
		https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-blindman-jericho/
		Исаның он алапесті сауықтыруы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-072-ten-leprosy/

В қосымшасы 3-ДЕҢГЕЙ Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
В1	Астарлы әңгімелер	Менің маңайымдағы адам кім? https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-064-good-samaritan/
		Бай диқан https://www.freebibleimages.org/illustrations/rich-fool/
		Тұқым себуші https://www.freebibleimages.org/photos/parable-sower-seed/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-049-parable-sower/
		Басқаларды көшіру https://www.freebibleimages.org/illustrations/unforgiving-servant/
В2	Кереметтер	Судың шарапқа айналуы https://www.freebibleimages.org/photos/wedding-cana/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-016-wedding-cana/
		Баланың сауығуы https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-020-officials-son/
		Соқыр көздің ашылуы https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-076-blind-beggar/
		Он алапестің сауығуы https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-072-ten-leprosy/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-ten-leprosy/

С қосымшасы 4-ДЕҢГЕЙ Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
В1	Астарлы әңгімелер	Екі борышкер https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-041-jesus-anointed/ https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-woman-anointing/
		Менің маңайымдағы адам кім? https://www.freebibleimages.org/photos/parable-good-samaritan/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/good-samaritan/
		Дүниеқор диқан https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-rich-fool/
		Үлкен қонақасы https://www.freebibleimages.org/photos/great-feast/
В2	Кереметтер	Судың шарапқа айналуы https://www.freebibleimages.org/photos/wedding-cana/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-wedding/
		Науқас баланың сауығуы https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-centurion/
		Зағип Бартімей https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-blind-man/ https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-blindman-jericho/
		Он алапес адам https://www.freebibleimages.org/photos/lumo-ten-leprosy/



© Bible Educational Services 2023

www.besweb.com